КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҰЙҒАРЫМ

2023 жылғы 20 қараша № 3313-23-00-2/992 Талдықорған қаласы

Жетісу облысы Талдықорған қалалық сотының судьясы Г.С.Джолдасова, талап қоюшы «Қазақстан Республиксы Ұлттық Ұланының 6636 Әскери Бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Рыскулбекова Салтанат Нурзатовна» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 8 250 тенге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша талап қоюшының сот шешімде жіберілген қате жазуды түзету туралы арызын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Заңды күшіне енген Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 15 тамыздағы сот шешімімен талап қоюшы «Қазақстан Республиксы Ұлттық Ұланының 6636 Әскери Бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылған. Жауапкер «Рыскулбекова Салтанат Нуртазовна» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылған, сот шығыны өндірілген.

Талап қоюшының өкілі А.К.Алтынбаев сотқа шешімдегі қате жазуды түзету туралы арызбен жүгініп, онда жауапкер жеке кәсіпкердің «Нурзатовна» деген атауы шешімнің қарар бөлігінде қате «Нуртазовна» деп жазылғанын көрсетіп, түзету енгізуді сұрады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 235-бабына сай сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады. Сот шешімдегі қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзету туралы арызды өз қалауы бойынша, іске қатысатын адамдарды шақырмастан қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы.

Сот шешіміне түзету енгізу мәселесі іске қатысушылардың қатысуынсыз қаралды.

Судья, талап қоюшының арызымен танысып, сот шешіміне түзету енгізу, қабылданған шешімнің мазмұнын өзгертуге себеп болмайтынын ескере, 2023 жылғы 15 тамыздағы сот шешімінің қарар бөлігіне түзету енгізілуге жатады деп есептейді.

АПК-тің 235, 268-баптарын басшылыққа алып, судья

ҰЙҒАРДЫ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республиксы Ұлттық Ұланының 6636 Әскери Бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Рыскулбекова Салтанат Нурзатовна» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 8 250 тенге тұрақсыздық

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҰЛАНЫНЫҢ 6636 ӘСКЕРИ БӨЛІМІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС №
2023 ж. «19» 12
дана
010000, АСТАНА ҚАЛАСЫ

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

айыбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 15 тамыздағы сот шешімінің қарар бөлігіне түзету енгізілсін.

Сот шешімінің қарар бөлігіндегі «Нуртазовна» атауының орнына «Нурзатовна» деп түзету енгізілсін.

Ұйғарымға, түпкілікті дайындалған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Талдықорған қалалық соты арқылы Жетісу облыстық сотына жеке шағым және (немесе) прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.С.Джолдасова

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 20.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.10.2023, судья Джолдасова Г. С., 11.12.2023

20346007144

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 15 тамыз № 3313-23-00-2/992 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.С.Джолдасова
А.А.Курманбаевтың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республиксы Ұлттық Ұланының 6636 Әскери Бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Рыскулбекова Салтанат Нурзатовна» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. 8 250 тенге тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Ж.Жабайханова
Талап қоюшының өкілі Ж.К.Алтынбаев
Жауапкердің өкілі Р.Н.Нурзатов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 04 сәуірде «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының 6636 Әскери Бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тапсырыс беруші, 6636 Әскери бөлімі) мен «Рыскулбекова Салтанат Нурзатовна» жеке кәсіпкері (бұдан әрі – орындаушы, жауапкер) арасында көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №262 шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың жалпы сомасы 125 000 теңгені құрайды.

Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркелгеннен кейін күшіне енеді және 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

2023 жылғы 09 сәуірде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету 3 750 теңге сомасы енгізілген.

Жауапкерге шарт бойынша компьютерлік/серверлік жабдықтарды орнату және күйге келтіру бойынша қызмет атқару, яғни 2 дана маршрутизаторды орнату, келісім шарт күшіне енген сәттен бастап 2023 жылдың 25 сәуіріне дейін міндеттелген.

Шарттың №1-қосымшасына сай маршрутизаторларды орнату келесі жұмыс түрлерін қамтиды: жабдықты тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес орнату және конфигурациялау. Желілік маршрутизаторлар белсенді желілік жабдық деңгейінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының желілік сервистерімен сенімді жұмыс талаптарына жауап беруі тиіс. Жабдыққа қойылатын талаптар: IPv6 протоколдарын қолдау, LAN порттарының саны кемінде 10 дана (5*100 Мбит/с, 5*1000 Мбит/с), консоль порты, USB 2.0 type a порты, SFP модулі астындағы порт, PoE технологиясын қолдайтын 1 LAN порты. Rip, BGP, OSPF динамикалық бағыттау протоколдарын қолдау. IP VPN, IPSec, SSL VPN server, PPTP server, open VPN Server және Firewall функцияларын қолдау. Қуаты 6 Вт-тан аспайтын 8-ден 30 Вольтқа дейінгі қуат, процессордың жиілігі 600 Гц-тен кем емес, жедел жады 64 Мбиттен кем емес. Жабдықтың жұмыс қабілеттілігінің кепілдігі жұмыс жүргізілген күннен бастап кемінде 12 ай. Барлық шығын материалдарын қызмет көрсетуші ұсынады.

Талап қоюшы сотқа жоғарыда аталған талап қоюмен жүгініп, жауапкер шартта өзіне жүктелген міндеттемені орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 8 250 тенге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер талап қоюға келтірген пікірінде талап қоюды мойындамай, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады. Сонымен қатар, Шарт бойынша шарт түрі «қызмет көрсету» деп көрсетілгенін, яғни орындаушы, қызмет көрсетуші қызмет көрсетуі керектігін, ал тапсырыс беруші тауарды беруді талап еткенін, бұл шарттың негізін түбегейлі бұзатынын, тапсырыс беруші тарапынан тауарды, яғни маршрутизаторды ұсыну бойынша негізсіз талап келтірілгенін көрсетті.

Сотта талап қоюшының өкілі Ж.К.Алтынбаев талап қоюды толығымен қолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады. Сонымен қатар, талап қоюшы Шартты жасасу кезінде қызметтер уақытылы көрсетіледі деп үміт артқанын, алайда жауапкер міндеттемелерін орындамағандықтан, жағымсыз салдарлар туындағанын көрсетті.

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 25.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Джолдасова Г. С., 01.11.2023

Жауапкердің өкілі Р.Н.Нурзатов талап қоюға келтірген қарсы пікіріндегі уәждерді қолдап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сотта жауапкердің өтініші негізінде куә ретінде сұралған А.А.Кабельдинов 6636 Әскери бөлімінде қызмет атқаратынын, жауапкердің өкілі Р.Н.Нурзатовпен телефон арқылы хабарласқанын растайтынын, алайда Шарт бойынша тауарды әкелу жөнінде нұсқау бермегенін, себебі мемлекеттік сатып алу бөлімінің қызметкері болып табылмайтынын, басқа бөлімде қызмет атқаратынын, тараптардың арасындағы көрсетуге жататын қызметтерге еш қатысы жоғын көрсетті.

Прокурор С.Ж.Жабайханова талап қою толығымен қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

АК-тің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Сотта жауапкер Шарт бойынша өзіне жүктелген маршрутизаторды орнату міндеттемелерін осы уақытқа дейін орындамағаны анықталды.

Нәтижесінде 2023 жылғы 01 шілдеде шарт бір жақты талап қоюшымен бұзылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуіріндегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 25.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Джолдасова Г. С., 01.11.2023
3313-23-3-1/1025

берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сотта жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындамаудағы кінәсін жоққа шығармады, себебі тапсырыс беруші Шарттың негізін қызмет көрсету болғанына қарамастан, тауарды, яғни маршрутизатор жабдығын беруді талап еткенін, сонымен бірге, тауарды Астана қаласы, Жангельдина, 2 мекенжайына жеткізу қажеттілігін, кейін Астана қаласы, Ж.Досмұхамедұлы, 10 А мекенжайына келу қажеттігін айтқанын, сол себепті міндеттемелерін орындай алмағынын көрсетті.

Алайда, сот бұл уәждерді негіссіз деп санайды, себебі Шарт жасасуға маршрутизаторды орнату түріндегі қызметтерді көрсету негіз болды, ал Шарттың 1-қосымшасынан қызметті көрсету мекенжайы: Астана қаласы, Ж.Досмұхамедұлы, 10 А деп көрсетілгені анық.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 66-бабының 3-бөлігіне сай заңды бұза отырып алынған дәлелдемелердің заңдық күші жоқ деп танылады және оларды сот шешімінің негізіне алуға, сондай-ақ іс үшін маңызы бар кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдалануға болмайды.

Осы нормаларға сай жауапкермен сотқа ұсынылған «WhatsApp» қосымшасындағы аудио, бейнежазба жарамсыз дәлелдеме болып табылады, сондықтан дәлелдеме ретінде қабылданып, оған тиісті құқықтық баға берілмейді.

Сонымен қатар, жауапкер талап қоюшыға міндеттемені орындаудың мүмкін еместігі туралы хабарлама жолдамаған, яғни АПК-нің 72-бабының талабына сәйкес жауапкер міндеттемені орындамау себептеріне байланысты дәлелдерді сотқа ұсынған жоқ.

АК-тің 10-бабының 1-тармағына сай кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Жауапкер жеке кәсіпкер бола отырып, мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты тәуекелдерді көтереді.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап қоюды сотқа уақытылы тапсырған.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 25.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Джолдасова Г. С., 01.11.2023

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Заңның 43-бабының 24-тармағында өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз ететіні, шарттың 7.3.-тармағында қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайтыны (өндіріп алатыны) көзделген.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыппұл көлемі 8 250 теңгені құрайды.

Сот талап қоюшымен есептелген тұрақсыздық айыбының сомасы дұрыс және шарт талаптарына сай деген тұжырымға келеді.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерден 8 250 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджет пайдасына мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының 6636 Әскери Бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Рыскулбекова Салтанат Нуртазовна» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Рыскулбекова Салтанат Нуртазовна» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 8 250 (сегіз мың екі жүз елу) теңге және 1 972 (бір мың тоғыз жүз жетпіс екі) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат -

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 25.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Джолдасова Г. С., 01.11.2023

шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, келтіруге құқылы.

Судья Г.С.Джолдасова

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 25.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Джолдасова Г. С., 01.11.2023

3313-23-3-1/1025